



"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 463 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 қыркүйекте № 17452 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 272 (28211) санында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стипендиаттармен оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу, стипендиаттарды орналастыруды жүзеге асыру, стипендиаттардың үлгерім мониторингі мен еңбек қызметін жүзеге асыру, стипендиаттардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл мүлкін ауыстыру, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, стипендиатқа жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларында:

мындай мазмұндағы 20-1. тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Стипендиаттың орналасу мерзімін кейінге қалдыруды алу қажеттілігі туындаған жағдайда, Стипендиат орналасуды жүзеге асырудың мүмкін еместігін растаушы құжаттарымен қоса, кейінге қалдыру туралы өтінішімен Комиссияға жүгінеді. Орналасуды кейінге қалдыруды Комиссия, оқуға/тағылымдамадан өтуге арналған шарттарды жасасқан күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) жылдан аспайтын мерзімге ұсынады.";

мындай мазмұндағы 22-4. тармақпен толықтырылсын:

"22-4. Стипендиаттарды магистратура алдындағы дайындыққа немесе академиялық оқуға орналастыру тілдік курстарды аяқтаған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) жылдан кешіктірмей жүзеге асырылады.";

мындай мазмұндағы 28-2 тармақпен толықтырылсын:

"28-2. Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, Стипендиат растаушы құжаттарымен қоса еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерді

орындауды кейінге қалдыру туралы өтінішпен Қоғамға жүгінеді. Қоғам Стипендиатқа еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді кейінге қалдыруды ұсыну туралы мәселені Республикалық комиссияның қарауына келесі жағдайларда енгізеді:

шетелде оқуды/тағылымдамадан өтуді жалғастыру;

еңбек қызметін жүзеге асыруға кедергі болған ауруды емдеу;

шетелде оқитын немесе тағылымдамадан өтіп жатқан зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;

мемлекеттік немесе әскери қызметші болып табылатын және шетелге уақытша жұмысқа немесе қызметтен өтуге жіберілген зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;

жүктілік жағдайы, сондай ақ үш жасқа дейінгі баланы (балаларды) тәрбиелеу."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті (Қ.Е. Аханов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.И. Ешенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сагадиев